



А.Қабдұлова
2021 жыл

Облыстық «Мектепке дейінгі ұйымның іскер көшбасшысы» байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Осы Ереже меншік нысанына қарамастан мемлекеттік, жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілері арасында облыстық «Мектепке дейінгі ұйымның іскер көшбасшысы» байқауының мақсаты мен міндеттерін анықтайды, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын (бұдан әрі - Байқау) белгілейді.

2. Байқауды Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы білім беру ұйымдары басшыларына арналған «Табысты басшы» жобасы аясында өткізеді.

3. **Мақсаты:** балабақша меңгерушісінің шығармашылық әлеуетін қолдау, имиджін қалыптастыру.

4. Байқаудың міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдарды басқарудағы жетістіктерін, педагогикалық теориялық - тәжірибелік инновацияларын насихаттау;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
- мектепке дейінгі ұйым басшыларының әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру;
- мектепке дейінгі ұйымдарын басқаруды әдістемелік тұрғыдан жетілдіру.

5. Байқауды ұйымдастыру тәртібі

Байқау екі кезеңде өткізіледі.

- I кезең аудандық (қалалық) - **қазан айы**
- II кезең облыстық - **қараша айы**

6. Облыстық конкурсқа әр ауданнан байқаудың бірінші кезеңінің жеңімпаздары жіберіледі. Байқауды ұйымдастыру мен өткізудің әр кезеңінде ұйымдастыру комитеттері жасақталады және қазылар алқасының құрамы анықталады. Қазылар алқасы байқаудың келесі кезеңіне (аудандық, облыстық) өтетін жеңімпазды анықтайды.

7. Байқау мазмұны

7.1 «Мен іскер басшымын» - Бейнеролик (3 минут)

Бағалау балдық жүйе бойынша жүргізіледі:

№	Өлшем шарттар	Көрсеткіштер	Балдар
Сапалы білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету тиімділігі			
1.	Білім беру ұйымының ашықтығы: - апта сайын жаңартылып отыратын әлеуметтік парақшалардың болуы (<i>Facebook, Instagram, VK.com,</i>)	Бағаланатын көрсеткіші бар;	5 балл
		Бағаланатын көрсеткіші жартылай бар;	3 балл
		Бағаланатын көрсеткіші жоқ.	0 балл

2.	Білім сапасының динамикасы (мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру үшін - білім мен дағдының қалыптасу деңгейінің динамикасы)	Өсу- 16-20%;	5 балл
		Өсу - 11-15%;	4 балл
		Өсу - 7-10%;	3 балл
		Өткен жылдың деңгейіне сәйкес;	1 балл
3.	Облыстық, республикалық, халықаралық конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздары (жүлдегерлері) болған тәрбиеленушілердің саны	Бағаланатын көрсеткіші жоқ	0 балл
		халықаралық деңгей;	5 балл
		республикалық деңгей;	4 балл
		облыстық деңгей;	3 балл
	Кадрлық әлеуетті, инновациялық қызметті дамытудың тиімділігі	аудандық деңгей;	1 балл
		Бағаланатын көрсеткіші жоқ	0 балл
		91 - 100%;	5 балл
		81 - 90%;	4 балл
4.	Мектепке дейінгі ұйымдары педагогтерінің жалпы санынан жоғары кәсіптік білімі бар педагогтердің үлесі	70 - 80%;	3 балл
		70%-дан төмен	2 балл
		кемінде 40%;	5 балл
		30-39%;	4 балл
5.	Білім беру ұйымдары педагогтерінің жалпы санынан "жоғары", "бірінші" біліктілік санаты бар педагогтердің үлесі	20-29%;	3 балл
		10-19%;	2 балл
		1-9%;	1 балл
		Бағаланатын көрсеткіші жоқ	0 балл
6.	Кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпаздары/жүлдегерлері болған педагогтер саны	Халықаралық деңгей;	5 балл
		Республикалық деңгей;	4 балл
		Облыстық деңгей;	3 балл
		Аудандық деңгей	2 балл
7.	Оқу-әдістемелік кеңес мақұлдаған әзірленген бағдарламалардың, оқу-әдістемелік кешендердің, әдістемелік ұсынымдардың/құралдардың болуы	Бағаланатын көрсеткіші жоқ	0 балл
		Республикалық деңгей;	5 балл
		Облыстық деңгей;	4 балл
		Аудандық деңгей;	3 балл
8.	Инновациялық-эксперименттік қызмет, әлеуметтік/білім беру жобаларына қатысу	Бағаланатын көрсеткіші жоқ	0 балл
		Республикалық деңгей;	5 балл
		Облыстық деңгей;	4 балл
		Аудандық деңгей;	3 балл
9.	Біліктілікті арттыру курспен қамтылуы	Бағаланатын көрсеткіші жоқ	0 балл
		Білім беру ұйымы басшысының менеджмент саласындағы біліктілікті арттыру курстары туралы сертификатының болуы;	5 балл
		Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша кемінде 30%;	5 балл
		20-29%;	4 балл
		10-19%.	3 балл

Техникалық шарттар:

Байқаудың тақырыбына сай келетін бейнероликтер ұсынылады. Бейненің форматы: DVD, MPEG, ең аз рұқсат-720x480 (12:8 см). Бейнероликтің ұзақтығы – 3 минут. Педагогтің аты-жөні, жұмыс орны жазылған ақпараттық бейнемен ресімдеу. Бейнероликті түсіру және монтаждау кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану – педагогтің қалауы бойынша. Бейнероликтің жанрын (сұхбат, репортаж, бейнеклип, мультфильм) қатысушылар өздері анықтайды. Бейнероликті түсіру және монтаждау кезінде

арнайы бағдарламалар мен құралдар, фотосуреттер, бейнефрагменттер, арнайы эффект, фондық музыка қолданылуы мүмкін.

7.2 2 – тур бетпе-бет: «Мектепке дейінгі ұйымның заманауи моделі».

Қорғау уақыты: 5-7 минут.

Бағалау өлшемдері:

- инновациялылығы (жаңашылдығы, идеялары және мазмұнының ерекшелігі);
- практикалық мәнділігі (нәтижелерді жобалауы, жобаны ендіру және тарату мүмкіндігі, ресурстық қамтамасыз етудің шынайылығы);
- озық идеялардың қолданылуы (құндылықтар, әлеуметтік кәсіби серіктестік, балабақшаның өзін-өзі бағалауы, тәжірибенің қолданылуы туралы рефлексия, стратегиялық жоспарлау және т.б.);
- уақытты тиімді пайдалануы.

8. Байқаудың облыстық кезеңіне материалдарды ұсыну тәртібі

Облыстық «Мектепке дейінгі ұйымның іскер көшбасшысы» байқауына қатысушылар төмендегі құжаттарды жібереді:

- байқаудың бірінші кезеңі қорытындысы бойынша аймақтық қазылар алқасының хаттамасы;
- облыстық конкурсқа қатысу жөнінде сауалнама (*қосымша 1*);
- «**Мен іскер басшымын**» - *бейнеролигі (электронды тасымалғышта)*.

Материалдар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

Байқау құжаттары облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығына (*Талдықорған қаласы, Мүшелтой ықшам ауданы, 144 үй, tal.metod@mail.ru*) 2021 жылдың 12 қарашасына дейін тапсырылуы тиіс. Байқауға ұсынылған құжаттар қайтарылмайды. Берілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

8. Байқауға қатысушыларды марапаттау тәртібі

Облыстық «Мектепке дейінгі ұйымның іскер көшбасшысы» байқауына қатысушылар сертификаттармен және номинацияға сәйкес дипломдармен марапатталады.

Байқаудың қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

I, II, III орын алған жеңімпаздар;

Байқау номинациялары:

- «Шығармашыл көшбасшы»;
- «Ізденімпаз көшбасшы».